

821.512.122-84

Қ 76

к

АРХИВТІК
ҚОР

Абай

(Ибраһим) Құнанбайұлы



**ТАҢДАМАЛЫ
ДАНАЛЫҚ
СӨЗДЕР**

Абай институтының
еңбектері

1-кітап

821, 512.122-84



Абай — 175


Абай (Ибраһим)
ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

ТАҢДАМАЛЫ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР

Абай институтының
еңбектері



Алматы
«Қазақ университеті»
2019





*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ 4 хаттама 16 сәуір 2019 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында
дайындалған*

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы,
профессор *Ж. Дәдебаев*

Редакторы
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент *М. Үмбетбаев*

Ғылыми-редакциялық алқа
*Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы,
З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, З. Сейітжанов, Ә. Тарақ*



ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84Қаз-5
А 13

Абай институтының еңбектері. 1-кітап.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.

А13 Таңдамалы даналық сөздер / Құрастырған, жалпы ред.
басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. –
96 б.

ISBN 978-601-04-3824-8

Кітапта Абайдың даналық сөздерінің таңдамалы бір тобы берілген. Даналық сөздер үлкенге де, кішіге де өмір, өмірдің мәні туралы ой салып, үлгі ұсынады.

Кітап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шәкірттеріне, ғалымдары мен оқытушыларына, зерттеушілеріне, Абайдың даналығынан үлгі алғысы келген барша талапты жасқа, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84Қаз-5

ISBN 978-601-04-3824-8

© Дәдебаев Ж , 2019

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2019

© «Қазақ университеті» баспа үйі, 2019

Басылымның мүлктік құқығы
Абай институтына тиесілі



АҢДАТУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымының бүгінде отыз алты (36) томы жарық көрді. Басылым жалғаса береді. Институт «Абай институтының еңбектері» атты екінші көптомдық басылымды шығару ісін қолға алды. Абайдың «Таңдамалы даналық сөздері» – осы басылымның бірінші кітабы.

Абайдың шығармашылық мұрасының өзегін даналық сөздер түзеді. Даналық сөздердің тереңіндегі даналық ойлар – ақынның адам, адамзат туралы ілімінің тірегі. Бұл топтағы сөздердің біразы ал-



ғаш рет 2012 жылы 15 наурызда Абай институтының abai.kaznu.kz вебсайтында «Абай. Таңдамалы даналық сөздер» деген атпен жарияланған болатын.

Абайдың теңіздей терең ойларын бойға бір демде тұтас сіңіру оңай емес. Абайдың даналығына ден қойған шәкірт үшін ақынның даналық сөздерін бір-бірлеп танып, әр сөзінің мәніне терең бойлап, өзінше ойланып-толғануы аса маңызды. Кітап осы маңызды үдерістің әуелгі тетігі, бастапқы қозғаушы құралы қызметін атқарады.

Абайдың таңдамалы даналық сөздерінің әрқайсысы – іргелі ойлау, арнайы эссе нысаны боларлық тақырып.

Кітапқа енген даналық сөздер Абай шығармаларының екі томдық толық жи-



нағының 1957 және 1977 жылдардағы ба-
сылымдарынан алынды және әліпбилік
ретпен берілді.

Кітап Абай институтының қаржысына
шығарылды.

Ғылыми-редакциялық алқадан





**ТАҢДАМАЛЫ
ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР**





Адал жүріп, адал тұр.



Адалдық пен арамдықты кім теңгермек?!



Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады.



Адам баласы жылап туады, кейіп өледі.



Адам баласына адам баласының бәрі –
дос.



Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сы-
пайы киініп һәм ол киімін былғап, был-
жыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс.



Адам баласының ең жаманы – талапсыз.



Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы.



Адам ғапыл дүниені дер менікі.



Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар.



Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ.



Адамзат тірілікті дәулет білмек.



Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді.



Адамшылықтың алды – махаббат, гадаләт сезім.



Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ.



Адаспай тура іздеген хақимдер болма-
са, дүние ойран болар еді.



Адасып алаңдама, жол таба алмай.



Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі
мақтаннан аман болмағы – қиын іс.



Ақыл бітпес дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке.



Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.



Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек.




Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық
сүймектікбірлән өсер.



Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.



АҚЫЛСЫЗ БИ БОЛМАС.





Ақылсыз өзін мақтап былжырайды.



Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.



Ақымақ көп, ақылды аз.



Ақырын жүріп, анық бас.



Алдамшы болмай бақ қайда?!



Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір.



Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер.



Алланың өзі де рас, сөзі де рас.



Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі.



Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ.



Арамдықтан жамандық көрмей қалмас.



Арсыз болмай атақ жоқ.



Артағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.



Артық ғылым кітапта.



Артық жолдас таппадым татулықтан.



Арын сатып тіленген малы құрсын.



Асаған, ұрттағанға ез жұбанар.



Асығыс түбі – өкініш.



Асыл адам айнымас.



Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?!



Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын.



Әділеттік, арлылық, махаббатпен –
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде.



Әкесінің баласы – адамның дұспаны,
Адамның баласы – бауырың.



Әрбір ақылсыз надан арсыз келеді.



Әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.



Әрбір ғалым хақим емес, әрбір хақим – ғалым.



Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады.



Әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық – бұл адамға нұр болады.



Әрбір қайратсыз қорқақ мақтанғыш келеді.



Әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әне-міне жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен.



Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілікті бітіреді.



Әрбір мақтаншақ қорқақ ақылсыз, на-дан келеді.



Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананымынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен.



Әр хақиқатқа тырысып иждиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!



Әсемпаз болма әрнеге.



Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау.



Әуелі өнер ізделік қолдан келсе.



Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық.



Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.



Балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады. Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман иғтиқатқа¹ да қиянатбірлән болады. Бұл қиянатшылар – жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман.

¹ Нану, сену



Балаң бала болсын десең, оқыт, мал
аяма!



Басқан із, көрген қызық артта қалмақ.



Басына һәм өзіне өзгешелік бермек –
адам ұлын бір бұзатын іс.



Берекеңді қашырма.



Беталды жанға бой салма.



Би болған, болыс болған өнер емес.



Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.



Бүгінгі дос – ертең жау.



Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.



Білімсіздік хайуандық болады.



[Біреу] жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам.



[Біреу] өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес.




[Біреу] өз үйіне келіп айтпаса, яки ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қос-тамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес.



Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.



Біреуді ызаландырмақ – шарифатта хара-рам, шаруаға залал, ақылға теріс.



Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды.



Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес.



Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың
басы осы.



Бірінді, қазақ, бірін дос
Көрмесен, істің бәрі бос.



Біріннің бірін сөйле сөзің тосып.



Ғадаләт пен мархамат – көп азығы,
Қайда көрсен, болып бақ соған көмек.



Ғалымнан надан артпас ұққанменен.



Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол.



Ғұмыр өзі – хақиқат.



Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр.



Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!



Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.



Ғылым таппай мақтанба.



Ғалымнан надан артпас ұққанменен.



Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ.



Доссыз ауыз тұшымас.



Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі.



Досына достық – қарыз іс.



Дұшпаныңа әділ бол.



Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.



Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды.



Егер де есті кісілердің қатарында бол-
ғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса
жұмасында бір, ең болмаса айында бір
өзіңнен-өзің есеп ал.



Екі кеме құйрығын,
Ұста, жетсін бұйрығың.



Ел тыныш болса, жақсы сол.



Еңбегінді елерлік еш адам жоқ.



Еңбек қылмас еріншек адам болмас.



Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.



Еңбек қылмай тапқан мал дәулет бол-
мас.



Еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр
тастамайды.



Еңбекті сат, ар сатып неге керек?!



Ең болмаса еңбекпен мал табалық.



Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе,
орнын тауып істесе, кім бай болмайды?!




Еріншек ездiгiнен көпке көнбек.



Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек.



Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.



Есер, есірік болмасаң,
Тіршіліктен пайда жоқ.



Есеркісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен-дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен.



Есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен.



Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар:

әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек;

екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;

үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек;

төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.



Естілердің айтқан сөздерін ескеріп
жүрген кісі өзі де есті болады.



Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін.



Жақсылық ұзақ тұрмайды,
Жамандық әр кез тозбайды.



Жаман дос – көлеңке.



Жан аямай кәсіп қыл.



Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек.



Жасық, жаман болмассың
Жамандықтан қашқанға.



Жанын қарманып, адал еңбекпен мал
іздемек – ол арлы адамның ісі.



Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.



Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім.



Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз.



Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс.



Жүз тура жолдағыларды шатастыру-
шы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен
кісіден садаға кетсін!



Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.



Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.



Жүректе оты жоқ
Адамда ми болмас.



Жылай-жырлай өлгенде,
Артағыға сөз қалсын.




Жылмаңы сыртта, іші арам
Кез болар қайда сорлыға.



Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат.



Залымдық – адам баласының дұшпаны.



Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.



Иман сақтауға қорықпас жүрек, айны-
мас көңіл, босанбас буын керек.



Кемді күн қызық дәурен тату өткіз.



Керек іс бозбалаға – талаптылық.



Көрсеқызар, күнде асық – дуаналық.



Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?!



Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.



Көп надандар өзіне тартар бейім.



Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің.



Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: надандық, еріншектік, залымдық.



Күншіліксіз тату бол шын көңілмен.



Күшік асырап, ит еттім,
Ол балтырымды қанатты.



Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?!




Кімге сенсең, сол шикі.



Кісіге біліміне қарай болыстық қыл.



Қазаққа күзетші болайын деп біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек.



Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады.



Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы.



Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын.



Қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ,
тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ
болатұғыны қалай?



Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме.



Қаны бұзық өзі ойлар
Қу менен сұм боларды.



Қарны тоқ қас надан ұқпас сөзді.



Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық.



Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!



Қорлық жүрмес сақтыққа.



Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам
саумақ – өнерсіз иттің ісі.



Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиыл-
мас.



Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер.



Құдайдан қорық, пендеден ұял.



Құдайға терістіктен не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?



Құдай тағаланың жолы деген жол ни-
хаятсыз¹ болады.

¹ Өлшеусіз



Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.



Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып.



Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.



Лай суға май бітпес қой өткенге.



Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме.



Ләкин өз дәулетінен артық киінбек
не киімі артық болмаса да көңіліне қуат
тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.



Майданға түспей бәйге алма.



Мақтан қума, керек қу.



Мақтау – жел сөз жанға қас.



Малға достың мұңы жоқ малдан басқа.



Малды не жерден сұрау керек, не аққан
терден сұрау керек.



Мал, мақтан, ғиззат-хұрмет адамды
өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм
көрік болады.



Махаббат – өмір көркі...



Махаббат – әуел адамның адамдығы,
ғақыл, ғылым деген нәрселербірлән.



Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең.



Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең.



Мың күн сынбас, бір күні сынар шөл-
мек.



Наданға арам – ақылды құлаққа ілмек.



Надандарға бой берме.



Надандық – білім-ғылымның жоқтығы,
дүниеде ешнәрсені оларсыз біліп бол-
майды.



Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады.




Наданның сүйенгені – көп пен дүрмек.




Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық;
ойыншы-күлкішілдік; я бір қайғыға са-
лыну; я бір нәрсеге құмарлық.



Ойланып алмақ – сабыр сол.



Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.



Ойсыздарға қосылма.



Оқыған білер әр сөзді.



Өз күлкіңе өзің қарық болма.



Өзі зордың болады ығы да зор.



Өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек
адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.



Өзі өзгеше боламын демектің түбі –
мақтан.



Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.



Өзің сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.



Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен
қайтіп құрмет күтесің?



Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі бол-
са, ақыл табуға сөз ұға алмайсың, адал
еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер
қыла алмайсың.



Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың.



Өзі оңбаған антұрған
Кімге ойлайды берекет?!



Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар.



Өлім барда қорлық жоқ.



Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ.



Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы – мұңға жуық.



Өмір, дүние дегенің
Ағып жақтан су екен.



Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі
де ихсан.



Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.



Пайда деп, мал деп туар ендігі жас.




Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі.



Пайда ойлама, ар ойла.



Рақымдылық, мейірбандылық, уа әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі, асықтық та – жүрек ісі.



Рас сөз еш уақытта жалған болмас.



Сақалын сатқан кәріден,
Еңбегін сатқан бала артық.



Сәулесіз үй болмас.



Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап.



Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел.



Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?!



Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.



Сұм-сұрқия, қу заман
Гүл көрінер жігітке.



Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала
қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықы-
ласыңа қасиет бітеді.



Сыртын танып іс бітпес, сырын көр-
мей.



Сый дәмепе, берсе алма еш адамнан.



Сыпайы жүр де, шаруа ойла.



Сүйікті ер білген сырын сыртқа жай-
мас.



Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.



Тағдыр көрмей қоймайды бұққанме-
нен.



Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.



Талап қыл артық білуге.



Талап, ұғым махаббаттан шығады.



Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас.



Тегінде адам баласы адам баласынан
ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен
озбақ.



Тоймас көзің тояр деп қайғы жеме.



Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.



Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да.



Тұрлаусыздың қолынан не келеді?!



Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.



Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?!



Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған
шықпайды.



Тірі адамның жүректен аяулы жері
бола ма?!



Тірі адамның ісі – үміт.



Уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе
бар, зинһар¹, жаным, соған бек сақ бол.



Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

¹ Қалайда, әйтеуір



Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты.



Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.



Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.



Хайуан білмейді, білемін деп талас-пайды.



Хақимдер дүниеде тиетін пайдасын сөйлейді.



Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ – ол өзі де бір антұрғандық.



Шын ақылға зорлық жоқ.



Ынсап, ұят – бұл ғадаләттән шығады.



Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы?!



Ынтасыз кай гіп өнер үйренеді?!



Істің басы – ретін танымақтық.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы

ТАҢДАМАЛЫ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР

Абай институтының еңбектері

1-кітап

Корректоры *А. Ермаханова*

Беттеген *Т. Есжанов*

Мұқабасын безендірген *А. Қалиева*

ИБ № 13028

Басуға 2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₃₂.

Көлемі 3 б.т. Офсеттік қағаз. Сандық басылым.

Тапсырыс № 5508. Таралымы тапсырыс бойынша.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды